

«Бекітілді»
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті» Директорлар
кеңесінің шешімімен
№ 8 хаттама 4 қараша 2021 ж.



**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың,
Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының, қызметін бағалау туралы
Ереже**

Қызылорда қ., 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау туралы (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ (әрі қарай - Қоғам) Жарғысына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамды корпоративтік басқару Кодексіне сәйкес әзірленген және Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқармасы, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшының өзін-өзі бағалау үдерісін реттейді. (бұдан әрі-бағалау).

2. Бағалаудың негізгі мақсаты, Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарма, Ішкі аудит қызметін мен Корпоративтік хатшы аталған қызметтердің қызметіннің тиімділігін арттыру болып табылады.

3. Бағалауды Директорлар кеңесі жүргізеді және және мыналарға мүмкіндік береді:

1) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшының өз жұмысының күшті және әлсіз жақтарын (басымдықтары мен кемшіліктерін) анықтауға;

2) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшы қызметінің бағыт бағдарын түзетуге;

3) Директорлар кеңесінің, тәуелсіз мүшелеріне, Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне, сондай-ақ Корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу жүйесінің тиімділігін анықтауға;

4) Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін және Корпоративтік хатшыны оқыту және біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Директорлар кеңесі бағалаудың келесі түрлерін жүзеге асыра алады:

1) Директорлар кеңесі жұмысының жалпы тиімділігін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауын бағалау;

2) Комитеттер жұмысын бағалау;

3) Басқарма мен оның Төраға қызметтерін бағалау;

4) Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметін бағалау;

5) Корпоративтік хатшы қызметін бағалау.

5. Бағалау келесі қағидаларға сай өткізілуі керек.

1) объективтілік;

2) бағалау жүргізу жүйелілігі және бағалау көрсеткіштерін нақтылау;

3) кешенділік;

4) құпиялылық.

6. Жалпы Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің, Басқарма мен оның Төрағасының, жалпы Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу үшін жауапты тұлға **Корпоративтік хатшы** болып табылады.

7. Бағалау келесі тәсілдермен жүргізілуі мүмкін:

1) өзін-өзі бағалау тәсілімен;

2) кеңес беру қызметтерін көрсететін тәуелсіз сыртқы ұйымды немесе тұлғаларды (әрі қарай – Кеңесші) тарту арқылы;

3) аралас тәсілді қолдану арқылы: Кеңесші тарапынан үдерісті үйлестіру арқылы өзін-өзі бағалау;

4) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа тәсілдермен.

2. Бағалау жүргізу үдерісі

8. Бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Бұл шешімде бағалауды жүргізудің нақты мерзімі (кестесі) мен қажетті ресурстар (мысалы, құжаттар, ақпарат, есептер және т.б.) анықталады.

9. Бағалау жүргізу үшін Кеңесші тарту туралы шешім қабылданған жағдайда бұл шешім нақты негіздемемен бекітілуі тиіс. Атап айтқанда Кеңесші тарту үшін келесі жағдайлар негіздеме бола алады:

- Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшы қызметін сындарлы бағалау қажеттілігі;
- алдыңғы бағалаудың тиімді нәтижесінің болмауы;
- Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар алдында,
- Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған басқа жағдайлар.

10. Бағалау жыл сайын жылдық қаржылық есептілік аудитін аяқтау қорытындылары бойынша жүргізіледі.

11. Бағалау жүргізу үдерісін Директорлар Кеңесінің Төрағасы үйлестіреді.

12. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы ғана қатысады.

13. Бұл отырыста Директорлар Кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының қызметін тұжырымдық талқылап, олардың жұмысының тиімділігін төмендететін факторларды анықтауы және тиімділігін арттыру жолдарын ұсынуы, Қоғам қызметін басқару және бақылаудың бірқатар негізгі проблемаларын талдау қажет.

14. Жалпы бағалау үдерісі төмендегі мәселелерді талқылауды тудыруы қажет:

1) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшының рөлі және қызметі;

2) Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшы жұмысының басымдықтары;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшыға тән білімінің, дағдыларының, тәжірибесі мен жеке қасиеттерінің болуы;

4) Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы процедуралары, соның ішінде Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу, олардың тұрақтылығы тәжірибесі, Директорлар кеңесі қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері;

5) Қоғамның қазіргі ұстанымы мен оны дамыту перспективалары;

6) Қоғам қызметін дамытудағы Басқарма Төрағасы-Ректордың рөлі.

15. Басқарма мен оның Төрағасы, Ішкі аудит қызметі мен оның басшысын бағалау нәтижелерін талқылау кезінде бағаланушылар қатыспайды. Аталған тұлғалар қызметін бағалау үдерісіне қатыстырлмауы тиіс.

16. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі келесі шараларды қабылдай алады:

1) Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы баса назар аударуы тиіс бірнеше маңызды міндеттерді немесе бағыттарды ерекшелеу;

2) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі мен Корпоративтік хатшының жұмыс жоспарлары мен әдістеріне ұсыныстар енгізу;

3) Басқарма Төрағасы-Ректорды және Басқарма мүшелерін, комитеттердің төрағаларын, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін, сондай-ақ Корпоративтік хатшыны сайлау кезінде бағалау нәтижелерін ескеру.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағалауға арналған формаларды Корпоративтік хатшысы жолдайды.

17. Бағалаудың орташа баллы үш балдық бағамен 2-ден төмен, бес балдық бағалауда 3-тен төмен болған өлшемдер Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшының назар аударуын қажет ететін жұмыстағы әлсіз жақтар болып табылады.

18. Жинақталған ақпаратты жүйелендіру мен өндеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялығына жауап береді.

3. Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің қызметін бағалау өлшемдері

19. Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің Қоғамның дамуына қосқан үлесін анықтап, қоғамдағы даму бағытын анықтап және оны жақсарту шараларын ұсынады.

20. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемдері жалпы төмендегідей:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі төрағасының рөлі мен міндеттері;
- 4) Директорлар кеңесінің жұмысы рәсімдері;
- 5) Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасымен өзара қарым-қатынасы.

21. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жеке бағалау олардың кәсібилігін арттыру құралы болып табылады, олардың Директорлар кеңесі жұмысына қатысуын белсендіруге және жалпы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

22. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жеке бағалау жүргізу кезінде келесі факторларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Комитеттің жауапкершілік саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;
- 2) қызмет бағытын жүргізу саласы мен оның ерекшеліктерін білу;
- 3) Директорлар кеңесі мүшесінің пайымдарының тәуелсіздігі және объективтілігі;
- 4) Қоғамның дамуының стратегиялық көрінісі және Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғамның дамуына ықпал ету деңгейі;
- 5) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы;
- 6) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарындағы белсенділігі және шешім қабылдау кезінде дауыс беру сипаты;
- 7) корпоративтік басқарудағы білімін үнемі арттыру;
- 8) Басқармамен және Қоғам қызметкерлерімен тиімді өзара қарым-қатынас, кеңестік көмек көрсету;
- 9) Директорлар кеңесі мүшесінің жеке қасиеттері және олардың жұмыс тиімділігіне ықпалы (ұжымда жұмыс жасай білу, мүдделер қақтығысын болдырмау, өз пікірін қорғау қабілеті, өзгенің пікірімен санаса білу, іскерлік этиканың жоғарғы стандарттарына сәйкестік).

23. Директорлар кеңесінің жалпы бағалауды қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 1 қосымшаға сәйкес сауаламаны толтырады.

24. Директорлар кеңесінің мүшелерін жеке бағалауды қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 2 қосымшаға сәйкес сауалнаманы толтырады.

4. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау өлшемдері

25. Комитеттердің қызметін әрі қарай талқылап, жинақтап және қабылдап қорытынды баға беру үшін Директорлар кеңесі Комитетінің қызметін бағалауды Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жүзеге асырады

26. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау кезінде:

- 1) Комитеттің қызметін жалпы Комитет туралы ережемен салыстыру;
- 2) Комитет қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесінің болжамдарына сәйкестігін бағалау.

27. Директорлар кеңесі Комитеттерін бағалауды қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әр мүшесі 3 қосымшаға сәйкес сауалнаманы толтырады.

5. Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметін бағалау өлшемдері

28. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметіне алдын-ала бағалау жүргізеді және Директорлар кеңесінің отырысында қорытынды бағалау жүргізу үшін оның нәтижелерін Корпоративтік хатшыға береді.

29. Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау кезінде:

- 1) Ішкі аудит қызметінің жұмысын Ішкі аудит қызметі туралы ережемен салыстыру;
- 2) Ішкі аудит қызметі жұмысы нәтижелерінің Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің болжамдарына сәйкестігін бағалау жүргізіледі.

30. Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметін бағалау Ішкі аудит қызметінің жұмысын белсендіру және оның қызметінің тиімділігін арттыру үшін мүмкіндік табу мақсатында жүргізіледі.

31. Жалпы Ішкі аудит қызметі мен оның басшысын бағалау үшін Аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесі 4 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

6. Басқарма және Басқарма Төрағасы-Ректордың қызметін бағалау өлшемдері

32. Басқарманың және оның Төрағасының қызметін бағалау өлшемдері:

- 1) Басқарма мүшелерінің міндеттері функционалдық орындалуы;
- 2) Қоғам Басқармасының Стратегиялық жоспар мен Даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға қосқан үлесін бағалау;

3) Директорлар кеңесінің мүшелерін қоғамдағы істердің ағымдағы жағдайы туралы толық әрі нақты ақпараттандырудың тиімді жүйесін енгізу.

33. Жалпы Басқарманы және Басқарма Төрағасы-Ректорды бағалау үшін Басқарма Төрағасы-Ректор және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 5 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

7. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау өлшемдері

34. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау кезінде:

- 1) Корпоративтік хатшының қызметін Қоғам Жарғысы мен Корпоративтік хатшы туралы ереженің нормаларымен салыстыру;
- 2) Директорлар кеңесі отырыстарының ұйымдастырылуын бағалау;
- 3) Корпоративтік хатшының өзінің қызметтік міндеттерін орындауын бағалау;
- 4) Дара акционердің Директорлар кеңесімен өзара қарым-қатынасының тиімділігін бағалау жүргізіледі.

35. Корпоративтік хатшыны бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 6 қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

8. Бағалау нәтижелерін қарау тәртібі

36. Толтырылған сауалнамалар Корпоративтік хатшыға тапсырылады.

37. Корпоративтік хатшы сауалнамадағы мәліметтерді келесі жолдармен өңдейді:

1) Директорлар кеңесінің әр мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәнін есептеу;

2) жұмыстың тиімділігін жалпы бағалауды сипаттайтын бағалау өлшемдерінің әрқайсы бойынша (Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы) жалпы орташа мәнді есептеу;

3) авторды көрсетпей әр бағалау нысан бойынша барлық пікірлер мен тілектерді қорыту.

38. Мәліметтерді өңдеу аяқталған соң пікірлердің құпиялығын сақтау мақсатында Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған барлық сауалнамаларды жою.

39. Жинақталған бағалау нәтижелері мен тәуекелдер мен даму аумақтары туралы ақпаратты Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырысында қарау және әрі қарай талқылау үшін Директорлар кеңесінің Төрағасына тапсырады.

40. Осы отырыс барысында Директорлар кеңесі Төрағасы, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері тақырыбында пікір білдіру құқығын береді, бағалау нысандарының қызметін жетілдіруге бағытталған шаралар бойынша олардың ұсыныстарын жинақтайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері құпиялығы ашылып, қандай баға, пікір және ұсыныстар бергенін айтуына болады.

41. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, басқарманың, ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін дамыту мен жетілдірудің бағыттары мен нақты іс-шаралары туралы Директорлар Кеңесінің қабылдаған шешімдері, отырыстың бағалау нәтижелерін қараудың қорытындысы болуы тиіс.

9. Қорытынды ережелер

42. Ережені бекіту, сондай-ақ Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу, соның ішінде бағалау өлшемдерін өзгерту, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 –бейтарап пікірдемін;
 - 4 –келісемін деуге болады;
 - 5 –толықтай келісімен.
3. Ерекше пікір, пікірлер, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ пікілер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Балмен бағалау	Пікірлер /ұсыныстар/тілектер
1	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің өкілеттері мен бірінші кезектегі міндеттерін түсінеді		
2	Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық маңыздылығы мен конструктивизмін көрсетеді (Директорлар кеңесі Қоғамға стратегиялық басшылықты жүзеге асырады, Басқарманың конструктивті сыншысы болып табылады)		
3	Директорлар кеңесі құндылықтарды, миссиясын, Даму стратегиясын түсінеді және негізгі мәселелерді қабылдау кезінде осының барлығын ескереді		
4	Директорлар кеңесінің мүшелері ұсынған іске асырылған бастамалар саны		
5	Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері расында тәуелсіз болып табылады		
6	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына тұрақты қатысады		
7	Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысынан бөлек Қоғамның Басқарма мүшелерімен қарым-қатынас жасауы үшін мүмкіндік жеткілікті		
8	Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына тиімді басшылықты жүзеге асырады		
9	Директорлар кеңесінің мүшелерінің		



	Директорлар кеңесінің құрамындағы өз қызметтерін тиімді орындау үшін уақыты жеткілікті		
10	Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Басқармасынан негізгі шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты алады		
11	Сіздің ойыңызша, Директорлар кеңесі келесі жылы баса назар аударып, күш жұмсауы тиіс үш бағытты атаңыз	1.	
		2.	
		3.	
Балдардың орташа мәні			

Ақмеш

**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 – бейтарап пікірдемін;
 - 4 – келісемін деуге болады;
 - 5 – толықтай келісемін.
3. Ерекше пікір, пікірлер, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ пікірлер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Кәсіби тәжірибесі	Сала ерекшелігін білу	Стратегиялық көрініс (ұсыныстар)	Отырыстарға қатысу	Мәселелерді талқылауға белсенді қатысу	Дауыс беру кезіндегі белсенділік (мәселелер бойынша ерекше пікір)	Балдардың орташа мәні
1	Директорлар кеңесінің мүшесі 1							
2	Директорлар кеңесінің мүшесі 2							
3	Директорлар кеңесінің мүшесі 3							
4	Директорлар кеңесінің мүшесі 4							
5	Директорлар кеңесінің мүшесі 5							
6	Директорлар кеңесінің мүшесі 6							
7	Директорлар кеңесінің мүшесі 7							
Директорлар кеңесі мүшесінің пікірлері (Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу деңгейіне ықпал ететін өзінің дағдылары мен білімін көрсетуге бөгет жасайтын факторларды, білімін жетілдіру қажет ететін салаларды (бағыттарды) белгілей алады):								



**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 – бейтарап пікірдемін;
 - 4 – келісемін деуге болады;
 - 5 – толықтай келісемін.
3. Ерекше пікір, пікір, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ комментарийлер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Балмен бағалау	Пікірлер /ұсыныстар/тілектер
1	Директорлар кеңесінің Комитеті (бұдан әрі - Комитет) туралы ереже оның функцияларын нақты айқындайды		
2	Комитет жұмысының тиімділігіне жеткілікті көңіл бөледі		
3	Комитет заңнаманы және Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету үдерісін бақылауға жеткілікті көңіл бөледі		
4	Комитет мүшелерінің тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар және Комитет жұмысына елеулі үлес қосады		
5	Комитет іскерлік этика нормаларына сәйкес менеджментке қарамастан әрекет етеді және Дара акционердің мүдделерін іске асыруға бағытталған		
6	Директорлар кеңесінің мүшелері қаралған мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат алады		
7	Комитет Төрағасы оның қызметіне тиімді басшылықты жүзеге асырады		
8	Комитет отырыстарына құжаттар толық, қысқа болып табылады және негізделген шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтиды		
Балдардың орташа мәні			



**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін
бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Аудит комитетінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 – бейтарап пікірдемін;
 - 4 – келісемін деуге болады;
 - 5 – толықтай келісемін.
3. Ерекше пікір, пікір, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ комментарийлер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Балмен бағалау	Пікірлер /ұсыныстар/тілектер
1	Қоғамда Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі - ІАҚ) Басқарма мен қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен нақты тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі		
2	ІАҚ қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде объективті		
3	Қоғам Басқармасы Қоғамның ІАҚ анықталған бұзушылықтары бойынша барабар шаралар қабылдауда		
4	ІАҚ Қоғам Басқармасы алдында сенімге ие		
5	ІАҚ құрамы (қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) оған ІАҚ туралы ережеде жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді		
6	ІАҚ есептерде негізгі мәселелер мен тәуекелдерді жеткілікті сипаттайды, ІАҚ ұсынымдары мен бұзушылықтарды тудырған себептер арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік беретін қажетті мәліметтерді келтіреді		
7	Күн тәртібінің әрбір мәселесіне қоғамның ІАҚ ұсынатын қорытындылар Директорлар кеңесі мүшелерінің күтулерін қанағаттандырады		
8	Қоғамның ІАҚ қызметкерлері жыл сайын біліктілігін арттырады, оқытудан өтеді		
Балдардың орташа мәні			



Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалауға			
1	ІАҚ басшысының нақты білімі, тәжірибесі мен дағдылары оған қоғамның ІАҚ тиімді басшылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді		
2	ІАҚ басшысы кәсіби саладағы соңғы өзгерістер туралы (стандарттар, заңнама және т. б.) үнемі хабардар болып отыратындығын көрсетеді.		
3	Қоғамның ІАҚ басшысы эмоцияларға берілмей, отырыстарда анықталған бұзушылықтар бойынша сараланған пайымдаулар айтады		
4	Қоғамның ІАҚ басшысы, егер өзінің дұрыстығына сенімді болса, Қоғам Басқармасы алдындағы өз ұстанымын соңына дейін қорғайды		
5	Қоғамның ІАҚ басшысы Жылдық аудиторлық жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді		
6	Қоғамның ІАҚ басшысы есеп мәтінінің грамматикалық және стилистикалық дұрыстығын тексеруді қамтамасыз етеді		
7	Қоғамның ІАҚ басшысы Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайынғы және жылдық есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді		
8	Қоғамның ІАҚ басшысы уәде беру үшін ішкі аудиттің барынша пайдалылығын қамтамасыз ету үшін ІАҚ-ны тиімді басқарады		
Балдардың орташа мәні			

Арсен

**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Жалпы Басқарманың және Төрағасының қызметін
бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 – бейтарап пікірдемін;
 - 4 – келісемін деуге болады;
 - 5 – толықтай келісемін.
3. Ерекше пікір, пікір, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ комментарийлер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Балмен бағалау	Пікірлер /ұсыныстар/тілектер
1	Қоғам Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді тиімді іске асырады		
2	Басқарма мүшелерінің нақты білімі, тәжірбиесі мен дағдылары оларға қоғамды тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді		
3	Қоғам Басқармасының жұмысы мақсаттар мен міндеттердің бірлігін, командалық бірлікті көрсетеді		
4	Директорлар кеңесінің отырыстарында Қоғам Басқармасы шығаратын материалдардың сапасы Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандырады		
5	Директорлар Кеңесінің отырыстары кезінде Қоғам Басқармасының баяндамалары ақылға салынған шешімдер қабылдау үшін жеткілікті анық ақпарат береді		
6	Басқарма Қоғамның Дара акционерімен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл бойынша корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құрады		
7	Басқарма Қоғамның даму стратегиясын іске асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды		
8	Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстарға ұсынылатын ақпарат жағымды және ыңғайлы құрылымдалған		



9	Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы және толық көлемде орындайды		
Балдардың орташа мәні			
Басқарма Төрағасының қызметін бағалау			
1	Басқарма Төрағасы-Ректор қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етеді		
2	Басқарма Төрағасы-Ректор Дара акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді		
3	Басқарма Төрағасы-Ректор алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін бастама көтереді		
4	Басқарма Төрағасы-Ректор есеп берушіліктің жоғары деңгейін көрсетеді және директорлар Кеңесіне қойылған міндеттерді орындау жолында ілгерілеу туралы хабарлайды		
5	Басқарма Төрағасы-Ректор саланы білудің стратегиялық пайымының жоғары деңгейіне ие		
6	Басқарма Төрағасы-Ректор Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді		
7	Басқарма Төрағасы-Ректордың мінез-құлқы іскерлік мінез-құлықтың тиісті тәжірбиесіне толық көлемде сәйкес келеді		
Балдардың орташа мәні			

Ашса

**КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
Корпоративтік хатшы қызметін бағалауға арналған сауалнама**

Ескерту:

1. Құпиялылықты сақтай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері толтырады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі мәселелерде/пікірлерде Сіздің пікіріңізге сай келетін балды белгілеу қажет:
 - 1- мүлдем келіспеймін;
 - 2- келіспеймін деуге болады;
 - 3 – бейтарап пікірдемін;
 - 4 – келісемін деуге болады;
 - 5 – толықтай келісемін.
3. Ерекше пікір, пікір, ұсыныс немесе тілек болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі белгісі бар жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттық орташа мәнін есептейді, сондай-ақ пікірлер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін жасайды.

№	Бағалау өлшемдері	Балмен бағалау	Пікірлер /ұсыныстар/тілектер
1	Өзінің қызметін мен лауазымдық міндеттерін нақты түсінеді		
2	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді		
3	Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді		
4	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сұратылған ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді		
5	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің материалдары, Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін құжаттардың ережелері бойынша кеңес береді		
6	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам Жарғысы, ішкі құжаттар мен үдерістер мәселелері бойынша кеңес береді		
7	Директорлар Кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мен материалдарды уактылы жібереді		
8	Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді		
9	Директорлар кеңесі, басқарма және қоғам қызметкерлері арасында уакытылы ақпаратпен қамтамасыз етеді		
10	Қоғамда корпоративтік басқару саласындағы саясат пен тәжірбиені жетілдіруге ықпал етеді		
Балдардың орташа мәні			

